4)	<p>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Шығыс Қазақстан облыстық филиалы Евромен есеп айырысу шоты: 003070472 Банк-корреспондент: Deutsche AG Bank, Frankfurt am Main к/ш: 947217610 BLZ:500 700 10 SWIFT BIC: DEUTDEFF</p>

7. Эмитент қызметінің түрлері.

Қызметінің басты бағыттары:

- Машина жасау және құйма өнімдерін өндіру, қайта өңдеу;
- Көтергіш құрылғыларды жөндеу мен жасау;
- Қысыммен жұмыс істейтін қазандарды, ыдыстар мен құбырларды өндіру мен жөндеу;
- Тау-кен жабдықтарын жасау мен өңдеу;
- Халық тұтынатын тауарларды өндіру мен сату;
- Жанармай құю станцияларын жабдықтау мен қызмет көрсету
- Жобалау-зерттеу, құрылыс-монтаждау жұмыстары;
- Құрылыс материалдарын, өнімдерін, құрылымдарды өндіру жұмыстары;
- Өлшеу құралдарын өндіру, тексеру, жөндеу;
- Медициналық қызметпен айналысу;
- Ішкі экономикалық әрекет;
- Инвестициялық әрекет;
- Мемлекеттік ұйымдардың, занды және жеке тұлғалардың жұмысын істеу мен оларға қызмет көрсету;
- Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдарға арналған қолданыстағы заңнамасында тыйым салынбаған басқа қызмет түрлері

8. Эмитентке немесе ол шығарған бағалы қағаздарға халықаралық және (немесе) отандық рейтингтік агенттіктер берген рейтингтер, сондай-ақ қаржы агенттігінің мәртебесі туралы мәліметтер.

Нақты уақытта Эмитенттің халықаралық рейтингтік агенттіктер мен Қазақстан Республикасының рейтингтік агенттіктерінен алған рейтингтік бағасы жоқ. Эмитент қаржы агенттігі мәртебесіне ие емес.

9. Эмитенттің барлық филиалдары мен өкілдіктерінің атаулары, тіркелген күндері, орналасқан жерлері мен пошталық мекен-жайлары.

Эмитенттің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

10. Қаржылық аяқталған соңғы үш жылдағы Эмитенттің қаржылық есептемесіне аудит жүргізген аудиторлық ұйымдардың толық ресми атауы, олардың тиісті алқалықтарға (қауымдастықтарға, палаталарға) тәнділігін көрсету.

«JPA International Аудит-Гарант» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	
Аудиторлық ұйымның мекен-жайы:	100000, Қарағанды облысы, Қарағанды қ., Алалыкин к-сі, 3
Телефон:	+7 (7212) 56-84-35
Аудиторлық қызметпен айналысуға мемлекеттік лицензияның нөмірі және берілген күні:	№ 0000285, 2005 жылғы 25 сәуір
Лицензияны берген органның атауы:	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
Директор:	Л.А. Матюхина
Қосымша ақпарат:	Қазақстан Республикасы Аудиторлар Палатасының мүшесі

Проспектіні уәкілетті органға бергенге дейінгі үш жыл ішінде тиісті қызметтерді көрсетуге шарттар жасалған заңдық және қаржылық мәселелер жөніндегі кеңесшілердің толық ресми атауы, олардың тиісті алқалықтарға (қауымдастықтарға, палаталарға) тәнділігін көрсету.

«Қазақстан Халық Банкінің «Halyk Finance» еншілес ұйымы» акционерлік қоғамы	
Кеңесшінің мекен-жайы:	050013, Алматы қ., Әл-Фараби д-лы, 19/1, полифункционалды «Нұрлы-Тау» орталығы, 3 Б, 6 қабат
Телефон:	+7 (727) 244-65-40
Бағалы қағаздар рыногында қызметті жүзеге асыруға мемлекеттік лицензияның нөмірі және оның берілген күні:	№ 4.2.92/28, 2008 жылғы 26 желтоқсан
Лицензияны берген органның атауы	Қазақстан Рспубликасының Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі
Басқарма Төрағасы:	Е.В. Усагов
Қосымша ақпарат:	«А», «К», «Р», «Н» санаттары бойынша «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» ЗТҰ мен «Қазақстан қор биржасы» АҚ мүшесі

Жоғарыда көрсетілген кеңесшімен шарт «Востокмашзавод» АҚ бастамасы бойынша бұзылды.

«Prime Financial Solutions» акционерлік қоғамы	
Кеңесшінің мекен-жайы:	050059, Алматы қ., Әл-Фараби д-лы, 13, «Нұрлы-Тау» бизнес орталығы, 1В блок, 5 қабат
Телефон:	+7 (727) 311 10 30
Бағалы қағаздар рыногында қызметті жүзеге асыруға мемлекеттік лицензияның нөмірі және оның	№ 0401201280, 22.11.2006 ж.

берілген күні:	
Лицензияны берген органның атауы	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі
Басқарма Төрағасы:	Л.Е. Сауранбаева
Қосымша ақпарат:	«К», «Р», «Н» санаттары бойынша «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» ЗТҰ мен «Қазақстан қор биржасы» АҚ мүшесі

11 Эмитенттің корпоративтік басқару кодексін қабылдаған күні.

Корпоративтік басқару кодексі 2008 жылғы 6 қыркүйектегі Эмитент акционерлерінің Жалпы жиналысымен қабылданды.

2. ЭМИТЕНТТІҢ БАСҚАРУ ОРГАНЫ

12. Эмитенттің басқару органдарының құрылымы.

Эмитенттің басқару органдарының құрылымы оны Жарғысымен анықталған. Жарғыға сәйкес жоғарғы орган акционерлердің Жалпы жиналысы, басқару органы Директорлар кеңесі, атқарушы орган Бас директор болып табылады.

Акционерлердің Жалпы жиналысы

Акционерлердің айрықша құзыретіне Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға және Эмитенттің ішкі құжаттарына сәйкес мынадай мәселелер жатады:

- Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- Қоғамның корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- Қоғамды еркімен қайта құру және тарату;
- Қоғамның жарияланған акцияларын ұлғайту немесе Қоғамның жарияланған орналастырылмаған акцияларының түрін өзгерту туралы шешімдер қабылдау;
- Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау талаптары мен тәртібін анықтау, сондай-ақ оларды өзгерту;
- санақ комиссиясының сандық құрамын және өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- Директорлар Кеңесінің сандық құрамын және өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар Кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшерін және төлеу талаптарын анықтау;
- Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;
- жылдық қаржылық есептемені бекіту;
- есепті қаржылық кезең үшін Қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және жыл қорытындылары бойынша Қоғамның бір жай акциясына есептегендегі дивиденд

- мөлшерін бекіту;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайлар басталғанда Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;
 - Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
 - Қоғамға тиесілі барлық активтердің 25%-ын (жиырма бес пайызын) немесе одан көбін құрайтын сомада активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін табыстау арқылы басқа заңды тұлғалардың қызметіне немесе құруға Қоғамның қатысуы туралы шешім қабылдау;
 - Қоғамның акционерлеріне акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру туралы хабарлау нысанын анықтау және осындай мәліметті Бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру туралы шешім қабылдау;
 - Қоғам акцияларды сатып алған кезде олардың құнын анықтау әдістемесін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
 - Қоғамның қызметі туралы ақпаратты акционерлерге беру тәртібін, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау;
 - «алтын акцияны» енгізу және жою;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Эмитенттің Жарғысымен олар бойынша шешімдер қабылдауды акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызған басқа да мәселелер немесе акционерлердің Жалпы жиналысы олар бойынша шешімдер қарастыруды және қабылдауды өзінің құзыретіне жатқызатын мәселелер.

Директорлар Кеңесі

Кем дегенде 3 (үш) адамнан тұратын Директорлар Кеңесін акционерлердің Жалпы жиналысы 3 (үш) жылға сайлайды.

Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- Қоғам қызметінің басты бағыттарын анықтау;
- акционерлердің жылдық және кезектен тыс Жалпы жиналыстарын шақыру туралы шешім қабылдау;
- акцияларды орналастыру (сату) туралы, оның ішінде, жарияланған акциялар санының шегінде орналастырылатын (сатылатын) акциялар саны, оларды орналастыру (сату) тәсілі және бағасы туралы шешім қабылдау;
- Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алуы, сондай-ақ оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- Қоғамның жылдық қаржылық есептемесін алдын ала бекіту;
- Қоғамның облигациялары мен туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын анықтау;
- Қоғамның атқарушы органының сандық құрамын, өкілеттіктері мерзімін анықтау, оның басшысы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын

тоқтату;

- лауазымдық айлықақы мөлшерін және Қоғамның Бас директорының еңбекақысын төлеу және сыйлықақы беру талаптарын анықтау;
- ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбекақысы, сыйлықақысы мөлшерін және төлеу талаптарын анықтау;
- корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттік мерзімін анықтау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық айлықақысы мөлшерін және оған сыйақы төлеу талаптарын анықтау;
- аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғам акцияларын төлеуге берілген немесе ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызмет ақысының мөлшерін анықтау;
- Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Қоғамның атқарушы органы қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде саудасаттықтар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына жазылыс талаптары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
- Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау, сондай-ақ олар туралы ережелерді бекіту;
- басқа заңды тұлғалар акцияларының 10%-ын (он пайызын) және одан көбін Қоғамның сатып алуы туралы шешімдер қабылдау, сондай-ақ олардың қызметіне қатысты мәселелер туралы шешімдер;
- акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) 10%-ы (он пайызы) және одан көбі Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- Қоғам міндеттемелерінің меншікті капиталдың 10%-ын (он пайызын) және одан көбін құрайтын шамаға ұлғаюы;
- бұрынғы тіркеушімен шарт бұзылған жағдайда Қоғамның тіркеушісін таңдау;
- қызметтік, коммерциялық немесе басқа да заңмен қорғалатын құпиядан тұратын Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;
- Қоғам үшін тартымды болып табылатын Ірі мәмілелер мен Мәмілелер жасау туралы шешімдер қабылдау;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Эмитенттің Жарғысында қарастырылған, акционерлердің Жалпы Жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын басқа да мәселелер.

Бас директор

Ағымдағы қызмет басшылығын Бас директор тұлғасында жалғыз Атқарушы орган жүзеге асырады. Бас директорды бір жылдан кем емес мерзімге Директорлар кеңесі сайлайды және ол, егер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін болса, кезекті мерзімдерге шексіз мәрте қайта сайлануы мүмкін. Бас директор Жарғыға және

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

- акционерлердің Жалпы жиналысы мен Қоғамның Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Қоғамның атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Қоғамның атынан әрекет етуге сенімхаттар береді;
- Қоғамның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды, жұмыс орнын ауыстырады және жұмыстан босатады (Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда), оларға көтермелеу шараларын және тәртіптік жаза қолданады;
- Қоғам Басқармасының және Қоғамның ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық айлықақылары мен айлықақыға дербес үстемеақы мөлшерін Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес белгілейді, Қоғам қызметкерлеріне тиесілі сыйалықақы мөлшерін анықтайды;
- Акционерлердің Жалпы жиналысы мен Қоғамның Директорлар Кеңесінің шешімдерімен анықталған, Қазақстан Республикасының заңнамасымен және/немесе Эмитенттің Жарғысымен Қоғамның осы органдарының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

13. Эмитенттің Директорлар Кеңесінің мүшелері.

Реттік №	Т.А.Ә. және туған жылы	Эмитенттің Директорлар Кеңесінің әрбір мүшесі соңғы үш жылда, оның ішінде қос қызметтілік бойынша атқарған лауазымдар	Жарғылық капиталға қатысуы	
			Эмитенттің	Эмитенттің еншілес және тәуелді ұйымдарында
1	Айгазиев Аскар Тажибаевич, т.ж. 1957	25.08.2001ж. – нақты кезде «Востокмашзавод» ААҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Востокмашзавод» ААҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы 2006 ж. – нақты кезде «Машина мен отқа төзімді материалды жасаудағы жаңа технологиялар» ЖШС Директоры 04.10.2006 ж. - нақты кезде «Востокмашзавод» Сауда үйі» ЖШС өкілі	2,21%	16,5% - «Востокмашзавод» Сауда үйі» ЖШС-де
2	Шайкенов Серик Разиевич, т.ж.1957	2005 ж.-31.12.2007 ж. «Востокмашзавод» АҚ Басқарушысы 04.10.2006 ж. - нақты кезде	2,19%	15% - «Востокмашзавод» Сауда үйі» ЖШС-де
		«Востокмашзавод» Сауда үйі» ЖШС Бас директоры 25.08.2001ж. -нақты кезде «Востокмашзавод» ААҚ Директорлар кеңесінің мүшесі 01.02.2007 ж. - нақты кезде «Востокмашзавод» АҚ Директорлар кеңесі Төрағасының		

		орынбасары 01.01.2008 ж. - нақты кезде «Востокмашзавод» АҚ Бас директорының сыртқы экономикалық байланыстар жөніндегі орынбасары		
3	Бердус Леонид Иванович, т.ж.1946	01.01.2000 ж. - нақты кезде «Востокмашзавод» ААҚ Бас Директоры 25.08.2001 ж. - нақты кезде «Востокмашзавод» ААҚ Директорлар кеңесінің мүшесі	10,77%	7,5% - «Востокмашзавод» Сауда үйі» ЖШС-де
4	Колобаева Жанара Жайлевбаевна, т.ж. 1968	Тамыз 2003 ж. - Наурыз 2006 ж. «Петроказахстан Кумколь Ресурсиз» АҚ Қаржы директоры (мұнай өндіру жөніндегі) Наурыз 2006 ж. - нақты кезде «KZ Consult» ЖШС Қаржы директоры 15.06.2008 ж. - нақты кезде «Востокмашзавод» АҚ Тәуелсіз директоры	жоқ	жоқ
5	Маккартни Колин Росс, т.ж. 1949	Сәуір 2004 ж. - нақты кезде «Wood Group Kazakhstan» ЖШС Директоры 15.06.2008 ж. - нақты кезде «Востокмашзавод» АҚ Тәуелсіз директоры	жоқ	жоқ

1) Директорлар Кеңесінің құрамындағы өзгерістер.

- 2008 жылғы 15 маусымда Директорлар Кеңесінің құрамынан Умерзаков Карим Тайшикович (т.ж. 1950) шықты;
- 2008 жылғы 15 маусымда Директорлар Кеңесінің құрамынан Казакова Нина Федоровна (т.ж.1952) шықты;
- 2008 жылғы 15 маусымда Директорлар Кеңесінің құрамына тәуелсіз директор ретінде Колобаева Жанара Жайлевбаевна (т.ж. 1968) сайланды;
- 2008 жылғы 15 маусымда Директорлар Кеңесінің құрамына тәуелсіз директор ретінде Маккартни Колин Росс (т.ж.1949) тағайындалды.

13-1. Эмитенттің Директорлар Кеңесінің комитеттері.

Эмитентте Директорлар Кеңесінің комитеттері жоқ.

13-2. Ішкі аудит қызметі

Эмитент Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру үшін ішкі аудит қызметін қарастырады.

Аудит қызметінің құзыретіне мыналар кіреді:

- Кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру;
- Қаржылық құралдарды пайдалану тиімділігін арттыруға және кәсіпорын меншігінің сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған шараларды әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысу;
- Бухгалтерлік есеп пен есептемені жүргізу, шаруашылық талаптарын орындау мәселелері бойынша кәсіпорын қызметкерлерінің қызметін бақылау;
- Акционерлердің Жалпы жиналысы алдында жылдық есептер мен баланстар бойынша жылдық

қаржылық және бухгалтерлік қызмет туралы қорытындылар мен есеп беру.

Ішкі аудит қызметінің лауазымды тұлғалары

Лауазымы	Т.А.Ә.
Ішкі бақылау жүйесінің аудиторы	Оконешникова Любовь Григорьевна

14. Эмитенттің атқарушы органы — Бас Директор.

Реттік №	Т.А.Ә. және туған жылы	Бас директор соңғы үш жылда, оның ішінде қос қызметтілік бойынша атқарған лауазымдар	Жарғылық капиталға қатысуы	
			Эмитенттің	Эмитенттің еншілес және тәуелді ұйымдарында
1	Бердус Леонид Иванович, т.ж.1946	01.01.2000 ж.- 16.10.2003ж. «Востокмашзавод» ААҚ Бас Директоры 17.10.2003 ж. - нақты кезде «Востокмашзавод» АҚ Бас Директоры	10,77%	7,5% - «Востокмашзавод» Сауда үйі» ЖШС-де

15. Эмитенттің атқарушы органының өкілеттіктері басқа коммерциялық ұйымға берілген жоқ.

16. Директорлар Кеңесінің, атқарушы органның мүшелеріне және Эмитенттің басқа да басқарушы тұлғаларына төленетін сыйақы.

Көрсеткіш	Директор Кеңесінің мүшелері мен Эмитент Директоры
Облигацияларды шығару туралы шешімді қабылдаған күннің алдындағы соңғы үш айға есептелген сыйақының жалпы сомасы	3 451 587 (үш миллион төрт жүз елу бір мың бес жүз сексен жеті) теңге
Облигацияларды шығару туралы шешімді қабылдаған күннен кейінгі он екі ай ішінде төленуі тиісті сыйақының жоспарланған жалпы мөлшері	13 806 348 (он үш миллион сегіз жүз алты мың үш жүз қырық сегіз) теңге

2) Эмитент қызметкерлерінің, оның ішінде филиалдар мен өкілдіктер қызметкерлерінің жалпы саны:

2009 жылғы 1 қыркүйектегі жағдайға сәйкес Эмитент қызметкерлерінің жалпы саны 1 092 адамды құрады, олар осы салада үлкен практикалық тәжірибесі бар, біліктілігі жоғары мамандар болып табылады.

3) Эмитенттің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары туралы мәліметтер:

Реттік №	Құрылымдық бөлімшенің (бөлімнің) атауы	Лауазым атауы	Т.А.Ә.	Туған жылы
1	Директорлар Кеңесі	Директорлар Кеңесінің Төрағасы	Айгазиев Аскар Тажибаевич	1957 ж.
2	«ВКМЗ» АҚ	Бас директор	Бердус Леонид Иванович	1946 ж.
3	«ВКМЗ» АҚ	Бас директордың сыртқы экономикалық байланыстар жөніндегі орынбасары	Шайкенов Серик Разиевич	1957 ж.
4	«ВКМЗ» АҚ	Бас инженер	Умерзаков Карим Тайшикович	1950 ж.
5	«ВКМЗ» АҚ	Бас механик	Медведев Владимир Михайлович	1950 ж.
6	«ВКМЗ» АҚ	Бас энергетик	Преображенский Алексей Львович	1952 ж.
7	Техникалық бөлім	Техникалық бөлім бастығы	Кадырбаев Рихат Хусаинович	1949 ж.
8	ӨБ	Қашау өндірісінің бастығы	Андреев Георгий Иванович	1951 ж.
9	Механика жинау өндірісі	Механика жинау өндірісінің бастығы	Саутин Владимир Алексеевич	1949 ж.
10	Құйма өндірісінің цехы	Құйма өндірісінің бастығы	Зудов Станислав Володарович	1948 ж.
11	Вакуумдік құрал-жабдық өндірісі	Вакуумдік құрал-жабдық өндірісінің бастығы	Ефеменко Сергей Иванович	1960 ж.
12	Ұсталық-баспалау цехы	Ұсталық-баспалау цехының бастығы	Луферов Игорь Анатолиевич	1961 ж.
13	«ВКМЗ» АҚ	Бас директордың қаржылық-экономикалық мәселелер жөніндегі орынбасары / Бас бухгалтер	Казакова Нина Федоровна	1952 ж.
14	«ВКМЗ» АҚ	Сапа жөніндегі директор	Колесников Павел Семенович	1947 ж.
15	«ВКМЗ» АҚ	Бас директордың коммерция жөніндегі орынбасары	Беседин Владимир Викторович	1959 ж.
16	Коммерциялық бөлім	Коммерциялық бөлім бастығы	Гоголь Ксения Владимировна	1979 ж.

3. ЭМИТЕНТТИҢ АКЦИОНЕРЛЕРІ МЕН ҮЛЕСТЕС ТҮЛҒАЛАРЫ

18. Эмитенттің акционерлері.

1) Эмитент акционерлерінің жалпы саны және Эмитент үлестерінің (орналастырылған және дауыс беруші акцияларының) он және одан көп пайызын иеленуші акционерлер туралы мәліметтер:

2009 жылғы 1 қыркүйектегі жағдайға сәйкес Эмитенттің төленген жарғылық капиталындағы акцияларының он және одан көп пайызын иеленетін Эмитент акционерлері мына аталғандар болып табылады:

Реттік №	Акционердің толық және қысқаша атауы/Т.А.Ә.	Акционердің заңды (нақты) мекен-жайы/тұратын жері	Қатысу үлесі
1	«Машина мен отқа төзімді материалды жасаудағы жаңа технологиялар» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі («Машина мен отқа төзімді материалды жасаудағы жаңа технологиялар» ЖШС)	Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қ., Қабанбай батыр к-сі, 55 үй, 16 пәтер	50,82%
2	Бердус Леонид Иванович	Қазақстан Республикасы, 070000, Өскемен қ., Славский ат. жағалау, 40 үй, 253 пәтер	10,77%

2009 жылғы 1 қыркүйектегі жағдайға сәйкес акционерлердің жалпы саны 1 709 тұлғаны құрады.

2) Эмитенттің акционерлері болып табылмайтын, бірақ эмитенттің қызметін бақылау құқығын иеленетін тұлғалар жоқ.

19. Эмитент акцияларының (үлестерінің) он және одан көп пайызын иеленетін заңды тұлғалар.

Реттік №	Заңды тұлғаның толық атауы	Жарғылық капиталдағы қатысу үлесі, %	Қызмет түрі	Орналасқан жері	Басшының Т.А.Ә.
1	«Востокмашзавод» Сауда үйі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	51%	Сауда-делдалдық қызмет, сыртқы экономикалық қызмет	Қазақстан Республикасы, 050013, Алматы қ., Әл-Фараби д-лы, 19, "Нұрлы-Тау" бизнес орталығы, 26 корп., 705-офис	Шайкенов Серик Разиевич

20. Эмитент өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтарда, холдингтерде, концерндерде, қауымдастықтарда және консорциумдарда қатыспайды.

21. Эмитенттің басқа үлестес тұлғалары туралы мәліметтер осы Проспектінің 1-қосымшасында берілген.

22. Үлестес тұлғалардың қатысуымен соңғы жылда жасалған мәмілелер.

Реттік №	Байланысты тарап	01.01.08 ж. сәйкес сальдо		Жеткізілген тауарлар, қызметтер	Төленді	31.12.08 ж. сәйкес сальдо		Сипаттамасы
		Дт	Кт			Дт	Кт	
1	"Машина мен отқа төзімді материалды жасаудағы жаңа технологиялар"	10 000			8 500	1500		Техникалық құжаттамаға алдын ала төлем

	ЖШС							
2	Айгазиев А.Т.	-	33	3 769	3 382	-	420	Жалақы
3	Шайкенов С.Р.	-	6	3 048	2 659	-	395	Жалақы
4	Бердус Л.И.	-	189	3 029	2 789	-	429	Жалақы

4. ЭМИТЕНТ ҚЫЗМЕТІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

23. Эмитент қызметіндегі, оны ішінде Эмитент қызметінің негізгі түрлері бойынша жалпы беталыстардың қысқаша сипаттамасы.

Қазіргі таңда машина жасау кешені кез келген ел экономикасының негізі болып табылады және елдің материалдық-техникалық базасын құруда маңызды рөл атқарады. Қазіргі заман талаптарына сәйкес машина жасау ісіне ғылыми-техникалық үдерісті жеделдетуде басты орын берілген. Өнеркәсіптің әртүрлі салалары үшін өндіріс құралдарын шығара отырып, машина жасау саласы өндірістің кешендік механизациясы мен автоматизациясын қамтамасыз етеді.

Әлемнің экономикасы дамыған елдерінде машина жасау үлесіне өнеркәсіптік өнімдерді шығару көлемінің 30%-нан 50%-на дейін келеді (Германия мен Жапонияда - 50%-дан асады, Англияда, Италия мен Қытайда - 35%-дан жоғары). Бұл барлық өнеркәсіптің әрбір 8-10 жыл сайын техникалық қайта жабдықталуын қамтамасыз етеді. Бұл ретте ішкі жалпы өнімдегі (ІЖӨ) машина жасау өнімінің үлесі Еуроодақ елдері мен АҚШ-та 40-50%-ды құрайды, Ресейде машина жасау ІЖӨ-нің 18%-ын қамтамасыз етеді. Салыстырып көрсек: өнеркәсіптік өнімдер шығарылымының жалпы көлеміндегі машина жасау үлесі (Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің деректері бойынша) 2,55%-ды, ІЖӨ-нің тиісті мәні бар болғаны 1,60%-ды құрайды. Келесі берілген кесте осы көрсеткіштердің 2003-2008 жылдардағы деректердің өзгеру қарқынын көрсетеді:

Көрсеткіш	2003	2004	2005	2006	2007	2008
ІЖӨ	4 612	5 870	7 590	10 213	12 726	16 268
Өнеркәсіп	2 836	3 868	5 253	6 510	7 816	10 188
Өңдеуші өнеркәсіп	1 217	1 537	1 852	2 407	2 956	3 378
Машина жасау	92	128	179	229	281	260
Өнеркәсіптік өнім көлеміндегі машина жасау үлесі	3,24%	3,31%	3,31%	3,52%	3,60%	2,55%
ІЖӨ көлеміндегі машина жасау үлесі	1,99%	2,18%	2,36%	2,24%	2,21%	1,60%

2003 жылдан бастап Қазақстанның машина жасау өндірісінің көлемі 92 млрд. теңгеден 2008 жылы 260 млрд. теңгеге дейін өсті (индустрия өндірісі көлемінің ең жоғарғы мәні 2007 жылы 218 млрд. теңгеге дейін жетті). Бұл сала жалпы алғанда Қазақстанның бүкіл экономикасының ішінде қарқындырақ дамыса да, оның құндық мәні жалпы өндіріс көлемінің бар болғаны 2,55%-ын ғана береді. Салыстырып көрсек: 1990 жылы машина жасау үлесі Қазақстанның өнеркәсіптік өндірісінің жалпы көлемінің 15%-ын құрады. Осы саланың дамуына кедергі жасайтын факторлардың бірі инвестициялар салу деңгейінің төмендігі болып табылады, пайыздық мәндері бойынша бұл факторлардың құрылымы мынадай болып келеді:

Өнеркәсіп саласы	2003	2004	2005	2006	2007
Кен өндіру	74,7%	69,0%	69,6%	68,4%	68,5%
Өңдеу	20,8%	23,5%	24,3%	23,5%	20,2%
Оның ішінде: Машина жасау	1,7%	1,5%	1,07%	1,14%	1,09%

Электр, газ бен су өндірісі және оларды бөлу	4,5%	7,4%	6,1%	8,1%	11,3%
Барлығы	100,0%	100,0%	100,0%	100,0%	100,0%

Біріншіден, ірілендірілген саланың бір бөлігі болып табылатын машина жасау саласын дамытуға өнеркәсіпке бағытталатын инвестициялардың бар болғаны 1%-ы ғана бағытталған, екіншіден, соңғы жылдары осы азғантай үлестің өзі 30%-дан да төмендеп кетті. Машина жасау кәсіпорындарының негізгі қорларының тозу деңгейі шамамен 43%-ды құрайды, оның ішінде олардың белсенді бөлігінің тозу деңгейі - 80%-ға дейін барады. Өндірістік қуатты пайдалану коэффициенті орташа алғанда конъюнктуралық зерттеу бойынша 48%-ды құрайды, әйтсе де бұл көрсеткіш 10-20%-дан асатын кәсіпорындар да бар. Осы жәйт 2003-2015 жылдарға жасалған Қазақстан Республикасының Индустриалдық-инновациялық даму стратегиясында анықталған инвестициялық және салықтық жеңілдіктер беру арқылы саланы ынталандыру қажеттілігінің куәсі.

Қазақстанның ауыр машина жасау саласында болашағы бар деп атауға болатын, Эмитент қатысатын салалар мына аталғандар болып табылады:

1. Кен-рудалық машина жасау

Проблемалар	Келешек	«Востокмашзавод» АҚ рөлі
Қазақстандық кәсіпорындарда өндірілген өнім қазақстандық машина жасау компанияларының негізгі құралдарының шектен тыс тозуына және технологиялық қамтамасыздық деңгейінің төмендігіне байланысты сапалық деңгейі жағынан импорттық өндірушілердің өнімімен үнемі бәсекелестікке түсе алмайды.	Қазақстанның өнеркәсіптік өндірісінің жалпы көлемінің 62%-ын алатын кен өндіру өнеркәсібі жергілікті болсын, сондай-ақ шетелдік инвестициялардың салымдары үшін ең тартымды сектор болып табылады. Бұл ретте, құрылатын кәсіпорындардың бұрғылау аспабына қатысты сұранысы ұсыныстан едәуір асып түседі, бұл жұмыс істеп жүрген өндірушілердің өз өнімдерін табысты өткізуіне мүмкіндік береді.	2007 жылы Эмитент алдыңғы қатарлы еуропалық filler Hille, EMAG, MONFORTS, Aichelin, WLO, Studer компанияларының қазіргі заманғы құрал-жабдықтарымен жарақталған қашаулар өндірісі бойынша жаңа цехты іске қосты. Цех геологиялық барлау ұңғымасын, сондай-ақ кен өндіру өнеркәсібі мен құрылыста әртүрлі мақсатта қолданылатын ұңғымаларын тегіс бұрғылауға арналған қатты қорытпа жарағы бар үш жолақты бұрғы қашауларының өндірісіне мамандандырылған. Өндірілетін қашау жоғары сапалы болып табылады: қашаудың ұңғымасы 500 метрге дейін жетеді. Қуаттылығы жоғарғы 16,8 мың қашау шығаратын цех бір типті көлемдегі осы бұйымға қатысты әлемдік сұраныстың 5%-на дейін қанағаттандыра алады.

2. Теміржолдық машина жасау

Проблемалар	Келешек	«Востокмашзавод» АҚ рөлі
Парктің тозғандығы және вагондардың тапшылығы сервис деңгейі мен пойыздар қауіпсіздігінің төмендеуіне әкеп соқтырады. Осылайша, 2007 жылдың	Мемлекет 2007-2015 жылдарға Қазақстан Республикасының қозғалмалы құрамын дамыту бағдарламасын әзірледі, оған сәйкес 2009-2015 жылдары орташа алғанда 18 мың жүк вагондарын жыл сайынғы жөндеуден өткізу жоспарланып отыр. «Қазтеміртранс» АҚ-ның деректері бойынша	2010 жылы Эмитент басшылығы вагондық құйма цехын іске қосуды жоспарлап отыр. Рессор арқалықтары, қаптал рамалары, автотіркеуіштер мен тартқыш қамыттар сияқты вагон конструкцияларының негізгі компоненттерін шығару да жоспарланды. Эмитент қазіргі уақытта жоғарыда баяндалған

<p>қорытындылары бойынша, «Қазтеміртранс» АҚ («Қазақстан темір жолы» ҰК) АҚ-ның еншілес ұйымы) жүк вагондарының жұмыс паркінің тозу деңгейі орташа алғанда 67,87%-ды құрады. Нақты уақытта «Қазақстан темір жолы» АҚ ТМД елдеріне және алыстағы шет елдерге тапсырыс береді, бұл ретте ол жыл сайын 11 млрд. теңгеден астам қаржы жұмсайды.</p>	<p>Қазақстанда нақты кезеңде қолданыстағы құрамдарды жөндеуге арналған жинақтамаларға сұранысты есепке алмағанда 40 мың жүк вагоны, жүздеген локомотивтер мен жолаушы вагондары жетіспейді. Жүк құрамымен қамтамасыз ету өнеркәсіптің өсуін қамтамасыз етуде үлкен рөл атқаратынын атап өту керек, өйткені бұл өнімді тағайындалған жеріне уақытында жеткізуге мүмкіндік береді.</p>	<p>тауарларды жеткізуге «Қазақстан вагон жасау компаниясы» ЖШС-мен және «Камкор-менеджмент» ЖШС-мен 3 жылдық келісім-шарт бекітті. Цехтың ең жоғарғы өнімділігі жылына 20 мың т. құрышты құрайды.</p>
---	--	---

1) Эмитенттің бәсекелестері болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер:

Эмитенттің басты бәсекелестері кен-шахталық, метуллургиялық, байыту құрал-жабдықтарын және арнаулы технологиялық құрал-жабдықтарды дайындаумен және жеткізумен айналысатын төменде көрсетілген Қазақстан Республикасының ірі компаниялары, сондай-ақ ТМД елдерінің машина жасау өндірісінің өкілдері болып табылады:

Зауыттың атауы	Сипаттамасы	Елі
«Алматы Ауыр Машина жасау Зауыты» АҚ	Зауыт металлургиялық өнеркәсіп үшін құрал-жабдықтар, прокаттау және сүйреу құрал-жабдықтарын, кен өндіру өнеркәсібіне арналған құрал-жабдықтарды өндіреді және қызмет көрсетеді;	Қазақстан
«Қазцинкмаш» ЖШС («Қазцинк» АҚ-ның ірі еншілес кәсіпорны)	Кен-байыту кәсіпорындарына, металлургиялық кәсіпорындарға арналған құрал-жабдықтар, қосалқы бөлшектер дайындауға мамандандырылған толық циклды машина жасау кәсіпорны;	Қазақстан
«Белкамит» БК АҚ	Өндірістік қуаттылығы шамамен 2 500 тонна болатын, сыйымдылығы жоғары құрал-жабдықты, оның ішінде қысымда жұмыс істейтін ыдыстар мен стандартты емес құрал-жабдықты, және резервуарлар-сақтау орындарын қаңылтыр табақ түріндегі, сондай-ақ құрылыста қолданылатын 24 000 тонна металл конструкцияларын құрайтын машина жасау зауыты;	Қазақстан
"Орал зауыты "Зенит" АҚ	Оның әскери техника мен қос тағайындаудағы өнімдерді әзірлеуге, өндіруге, жөндеуге және сатуға, мұнай-газ құрал-жабдықтарын дайындауға және сатуға; көтергіш құрылғыларды, қысымда жұмыс істейтін қазандарды, ыдыстар мен құбыржолдарды дайындауға, жөндеуге және пайдалануға, сәулеттік-қала салу қызметі бойынша бірқатар жұмыстарды жүзеге асыруға лицензиялары бар. Технологиялық құрал-жабдықтар паркі өндірістің мынадай түрлерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді: механика өңдеу, дәнекерлеу-жинақтау, жинақтау-пісіру, электрлік-радио құрастыру, аспаптық, пішу-әзірлеу, ұсталық-баспалау, құю, майлау, пластмассалық және резеңке-техникалық, термиялық және гальвандық өңдеу;	Қазақстан

"Орал құйма-механикалық зауыты" ӨК	Зауыттың мынадай цехтары бар: құйма, дәнекерлеу-жинақтау, аспаптық, жөндеу-механикалық. Сондай-ақ зауыттың мынадай жұмыс учаскелері бар: термиялық, құрылыс-жөндеу, энергиялық учаске, модельдік, ломды және түрлі-түсті, қара металдардың қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу учаскесі.	Қазақстан
Зауыттың атауы	Сипаттамасы	Елі
"Батыс Қазақстан Машина жасау Компаниясы" АҚ	Зауыттың құрамында машина жасау кәсіпорындарына қатысты негізгі технологиялық қайта бөлістер, сондай-ақ мамандандырылған технологиялар, оның ішінде тереңдетіп бұрғылау, электрлі-химиялық өңдеу, ағынды хромдау, құрастыру және т.б. технологиялар берілген. Зауыт арнаулы өңдеу әдістері - химиялық, электрлі-эрозиялық, ультрадыбыстық әдістермен жұмыс істейді.	Қазақстан
«Бірлескен Машина жасау Зауыттары» (БМЗ тобы) («Объединенные Машиностроительные Заводы»)	Ресейлік ауыр машина жасау көшбасшыларының бірі. Холдинг АЭС-ке арналған реакторлық корпусстар рыногында монополист болып табылады, Ресей Федерациясының кен-металлургиялық құрал-жабдықтар рыногының 40%-ын, арнаулы құрыш рыногының 22%-30%-ын (алатын бағытына қарай), экскаваторлар рыногының 55%-ын алады. БМЗ тобына «Уралмаш» машина жасау корпорациясы кіреді, корпорация кен өндіру өнеркәсібінде, қара және түрлі-түсті металлургияда, машина жасауда пайдаланылатын өнімдердің (сусымалы материалдардың қоймалары үшін құрал-жабдықтар, кокс-химиялық, домендік, құрыш балқыту, прокаттау, бұрғылау, ұсталық-баспалау, көтергіш-тасымалдау құрал-жабдықтары, құрышты үздіксіз құю машиналары және т.б.) кен номенклатурасына ие;	Россия
«Металлист» ААҚ (Качканар таукен құрал-жабдықтарын жөндеу зауыты)	Свердлов облысының Качканар қаласында орналасқан кен-байыту және металлургиялық комбинаттар үшін қосалқы бөлшектер өндірісі бойынша Ресейдің аса ірі кәсіпорындарының бірі болып табылады. Оның құрамына бірін-бірі толықтырып тұратын мынадай екі құрылым кіреді: құрыш құю (жылдық құю көлемі 25 мың тоннадан асады) және механика жинау цехы;	Россия
«Оскольский завод горного оборудования» АҚБ	2000 жылғы наурыз айында құрылған, қосалқы бөлшектер, детальдар шығаруға мамандандырылған машина жасау кәсіпорны	Россия

2) Эмитент қызметін Қазақстан Республикасы ішіндегі орташа салалық көрсеткіштермен салыстыру сипаттамасы:

Ауыр машина жасау индустриясы машина жасау зауыттарының көмірсутек өндірумен, сондай-ақ пайдалы қазбалармен айналысатын ірі компаниялармен тығыз байланысымен сипатталады. Эмитенттің жоғары сапалы құйма өнімі рынокта лайықты бәсекелес болуға және «Усть-Каменогорский титаномагнийевый комбинат» АҚ мен «ТНК Казхром» АҚ сияқты ірі компаниялармен ынтымақтастық құруға мүмкіндік береді. Эмитент өндірісінің бірегейлілігі оған осындай салаларда жетекші жайғасымды алуға мүмкіндік береді. Зауытта ТМД-дегі жалғыз өнеркәсіптік автоматты қалыпталған желі орнатылған (оның аналогы тек Ресей Федерациясының Брянск қаласындағы зауытта

ғана бар, әйтсе де ол бар болғаны осы желінің тәжірибелік нұсқасы болып табылады). Зауыттың ұсталық-баспалау цехы Қазақстан Республикасында басқа аналогы жоқ 1 200 тонналық соға басатын күшейткішпен жабдықталған. Жоғары сапалы қашаулар өндірісі (өтімділігінің жоғарылығымен ерекшеленеді - 500 м) және пайдалануға енгізіліп жатқан вагондық құю цехы аналогтарының жоқтығы Эмитенттің бизнес-моделінің құндылығын арттыра түседі. Бұл ретте сұраныс ұсыныстан едәуір асып түсетін рынокта Эмитенттің тиімді жайғасқаны көрінеді.

3) Эмитент саласының болашақ дамуына және осы саладағы жағдайына болжам:

Қазіргі таңда машина жасау саласы қайта құру кезеңін бастан кешіруде, оның әрі қарай дамуы кен өндіру, мұнай өндіру, металлургиялық және басқа да өнеркәсіп салаларындағы өзгерістермен тығыз байланысты. Қазақстанның көптеген машина жасау кәсіпорындарының шығарылатын өнімнің қажетті техникалық деңгейін және бәсекелестікке қабілеттілігін қамтамасыз ететін айналыстағы меншікті қаражаты жоқ, толық өндірістік және ғылыми-техникалық инфрақұрылымы да жоқ, инженерлік-техникалық және жұмысшы мамандары жетіспейді.

Машина жасау өнеркәсібін әрі қарай дамыту және оны кеңейту мүмкіндіктерін пайдалану көп жағдайда мемлекеттік қолдау деңгейіне байланысты. Осы себепті ҚР Үкіметі 2003-2015 жылдарға жасалған Қазақстан Республикасының Индустриалдық-инновациялық даму стратегиясы аясында елдің машина жасау саласына мемлекеттік қолдау көрсету жөнінде әртүрлі бағдарламаларды жасау бойынша жұмыс жүргізуде. Еліміздің индустриялық саясаты машина жасау саласын және өнеркәсіп салалары арасындағы өзара байланысты ынталандыруға бағытталған, осыдан келе ел экономикасының бәсекелестікке қабілеттілігін көтеруге арналған. Мемлекеттік қолдау шараларының жүйелілігі осы саясат табыстылығының басты шарты болып табылады.

Қашау өндірісі бойынша цех

Қашау өнімінің әлемдік деңгейі, сондай-ақ зауыт қуаттылығының үлкен қоры жақындағы және алыстағы шет елдердегі нақты, сондай-ақ ықтимал рыноктарда Эмитент үлесінің ұлғаятындығына сенім артуға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, өнеркәсіптік өсу қарқынының ұлғаюына қосымша Эмитенттің нақты өндірген өнімінің жоғары сапасы оның рыноктағы жайғасымын барынша нығайтуға мүмкіндік береді.

Нақты уақытта Эмитент Қытайдың Kingdream компаниясымен мұнай бұрғы қашауларының өндірісі бойынша бірлескен кәсіпорын құру туралы келіссөздер жүргізе бастады. Kingdream компаниясы бұрғылау аспаптарының өндірісі бойынша әлемдік көшбасшы болып табылады және осы өнім бойынша әлемдік рыноктың шамамен 35%-ын иеленіп отыр.

Вагондық құю цехы

«Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ (далее - «ҚТЖ»), ҚР темір жолдарының жетекші операторы, жүкті теміржол көлігімен тасымалдау проблемаларын шешу үшін бірқатар шаралар қабылдаған. Мысалы, 2008 жылы ҚТЖ мен «Трансмашхолдинг» ЖАҚ (ТМХ) арасында өзара

іс-қимылдар туралы меморандумға қол қойылды. Меморандумға сәйкес Қазақстан аумағында теміржол қозғалмалы құрамының өндірісі бойынша екі жаңа кәсіпорын құру көзделіп отыр. Алматы вагон жөндеу зауытының базасында қазіргі заманғы жолаушы вагондарын жыл сайын 100-ге дейін шығару жоспарланып отыр, ал «Бәйтерек А» АҚ-ның өнеркәсіптік қуатымен шамалы қуаттылығы жылына 150 локомотивке дейін жететін магистральдық ауыспалы тоқпен жүретін жүк электровоздарының өндірісін күйге келтіру жоспарлануда. Зауыттар құрылысын 2010 жылға дейін аяқтау көзделді.

Вагон құю цехын пайдалануға қосу және оның әрі қарай осы өнімге қатысты жоғары сұраныстағы купелік қуаттылық деңгейіне шығуы Эмитенттің ықтимал бәсекелестер алдындағы үлкен артықшылығы болып табылады. Бұдан басқа, Эмитент өз өнімін жеткізуге қатысты «Қазақстанның вагон жасау компаниясы» ЖШС-мен (бұдан әрі - «ҚВК») ұзақ мерзімді 3 жылдық келісім-шарт жасасты. Осылайша, вагон құю цехын барынша қолданған жағдайда жылына 5 мыңға дейін вагон жинақтамаларын өндіруге болады, 2,5 мыңы ҚВК-ге жеткізілетін болады, ал қалған 2,5 мыңы Қазақстан мен ТМД елдерінің жұмыс істеп тұрған вагон парктерін жөндеу үшін қосалқы бөлшектер ретінде пайдаланылатын болады.

24. Эмитенттің қызметіне кейінгі кезекте айтарлықтай ықпал етуі мүмкін эмитент бекіткен келісім-шарттар, келісімдер туралы мәліметтер.

Эмитент пен Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігінің Инвестициялар жөніндегі комитетінің арасында 2007 жылғы 9 тамызда бұрғылау аспаптарының өндірісі (қашау өндіру цехы) бойынша, сондай-ақ 2007 жылғы 29 мамырда вакуумдік-пленкалық қорамалау әдісін пайдалану арқылы құйма өндірісі (вагон құю цехы) бойынша инвестициялық жобаларды іске асыру кезіндегі инвестициялық жеңілдіктерді қарастыратын **келісім-шарттар** бекітілді. Эмитентке мынадай инвестициялық жеңілдіктер беріледі:

- Корпоративтік табыс салығы бойынша 5 жылдық мерзімге теңдей үлестермен жиынтық жылдық табыстан жобалар аясында пайдалануға енгізілген тіркелген активтер құнын шегеру құқығы беріледі: бұрғылау аспаптарының өндірісі бойынша - 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап, құйма өндірісі бойынша - 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап (тіркелген активтерді пайдалануға енгізудің жоспарланған мерзімдеріне сәйкес);
- Мүлікке салынатын салық бойынша 4 жылдық мерзімге жобалар аясында пайдалануға енгізілген тіркелген активтер бойынша салық төлеуден босатылады: бұрғылау аспаптарының өндірісі бойынша - 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап, құйма өндірісі бойынша - 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап (тіркелген активтерді пайдалануға енгізудің жоспарланған мерзімдеріне сәйкес);
- Жерге салынатын салық бойынша 4 жылдық мерзімге бұрғылау аспаптарының өндірісі бойынша жобаны іске асыру үшін пайдаланылатын жалпы алаңы 1,0155 га жер теліміне салық төлеуден 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап босатылады;

Жобаларды іске асыру аясында әкелінетін құрал-жабдық және оның жинақтамасын шетелден кіргізу кезіндегі кедендік алымдардан 5 жылдық мерзімге босатылады: бұрғылау

аспаптарының өндірісі бойынша - 2007 жылғы 13 тамыздан бастап, құйма өндірісі бойынша - тіркелген активтерді пайдалануға енгізген жылдан кейінгі келесі жылдың 1 қаңтарынан бастап.

Өнімді жеткізуге жасалған ірі келісім-шарттар

Тапсырыс беруші	Келісім-шарттың жалпы сомасы (ҚҚС есепке ала отырып), мың теңгеде	Жарамдылық мерзімі
«Қазақстан вагон құрылыс компаниясы» ЖШС	14 512 288 2010 жылға – 1 229 548; 2011 жылға – 3 073 870 2012 жылға – 3 073 870 2013 жылға – 3 567 500 2014 жылға – 3 567 500	31.12.2014
«Камкор Менеджмент» ЖШС	4 940 753 000 2010 жылға – 1 424 435 2011 жылға – 1 709 322 2012 жылға – 1 806 996	Шарт бойынша міндеттемелерді тиісті түрде түпкілікті орындағанға дейін

Көрсетілген келісім-шарттарды жасау өндіріс көлемін, сондай-ақ компанияның табысын айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді, ол өз кезегінде жалпы компанияның қызметіне оң әсер етеді.

25. Эмитенттің өз қызметін іске асыру үшін алған лицензиялары, патенттері, рұқсаттары туралы мәліметтер.

Реттік №	Қызмет түрі	Қызметінің аумақтық саласы	Лицензияның нөмірі, сериясы, берілген күні	Лицензияны берген орган
1	Жылу энергиясын өндіру	шектеу жоқ	№ 0000221, 23.03.04 ж.	Шығыс Қазақстан облысының әкімшілігі
2	Қысымда жұмыс істейтін түтіктер мен құбырларды пайдалану	шектеу жоқ	№002387, 20.02.04 ж.	ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
3	Қысымда жұмыс істейтін қазандарды, түтіктерді және құбырларды жөндеу	шектеу жоқ	№002386, 20.02.04 ж.	ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
4	Электр энергиясын беру және бөлу	Шығыс Қазақстан облысы	№002504, 29.03.04 ж.	ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
5	Электр желілері мен қосалқы станцияларды пайдалану	Шығыс Қазақстан облысы	№002485, 17.03.04 ж.	ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
6	Көтергіш құрылғыларды жобалау, дайындау, құрастыру және жөндеу	Шығыс Қазақстан облысы	№004159, 23.08.05 ж.	ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
7	Темір жол қозғалмалы құрамын жөндеу және дайындау	облыс аралық	Сериясы RGD №000313, 17.10.05 ж.	Шығыс Қазақстан облысы бойынша көліктік бақылау басқармасы
8	Қауіпті жүктерді тасымалдау үшін қолданылатын арнайы контейнерлерді дайындау және жөндеу	облыс аралық	Сериясы RGD №000314, 02.11.05	Шығыс Қазақстан облысы бойынша көліктік бақылау басқармасы
9	Көтергіш құрылғыларды пайдалану, құрастыру және жөндеу, тау-кен шахтаға арналған құрал-жабдықтарды жасау, құрастыру және жөндеу, металлургияға арналған жабдықтарды жасау және жөндеу	шектеу жоқ	№002422, 31.01.04 ж.	ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

10	Жолаушылар мен жүктерді темір жол көлігінде тасымалдау. Жүк тасымалдары	қала маңындағы	Сериясы GDT №001014, 14.05.04 ж.	Шығыс Қазақстан облысы бойынша көліктік бақылау басқармасы
11	Жолаушылар мен жүктерді автомобиль көлігінде тасымалдау (жүк тасымалдары)	аудан аралық	Сериясы AVT №032651, 28.04.04 ж.	Шығыс Қазақстан облысы бойынша көліктік бақылау басқармасы
12	Қауіпті жүктерді автомобиль көлігімен тасымалдау (2, 3 класстар	облыс аралық	Сериясы OGT №019565, 27.04.05 ж.	Шығыс Қазақстан облысы бойынша көліктік бақылау басқармасы
13	Өртүрлі құрылыс материалдарын, құрастырмалары мен бұйымдарын өндіру; ҚР аумағында жобалау және құрылыс-құрастыру жұмыстарын орындау	шектеу жоқ	08ГСЛ №005621, 27.06.01 ж.	Шығыс Қазақстан облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау департаменті
14	Прекурсорлар айналымына қатысты қызмет: сатып алу, сақтау, пайдалану, жою	шектеу жоқ	Сериясы Р № 0000497, 12.12.03 ж.	ҚР Әділет министрлігінің Есірткі құмарлықпен және есірткі бизнесімен күрес жөніндегі комитеті
15	Медициналық қызметпен шұғылдану	Шығыс Қазақстан облысы	Сериясы ЛП №002656, 16.07.03 ж.	ҚР Денсаулық сақтау министрлігі
16	Қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және өткізу (оның ішінде металлургиялық тұрғыда қайта жасау)	шектеу жоқ	№ 0029466, 09.08.06 ж.	Шығыс Қазақстан облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті
17	Өнеркәсіптік жарылыс-өрт қауіпі бар өндірісті пайдалану (Өнеркәсіптік жарылыс, өрт қауіпі бар өндірісті, оның ішінде технологиялық нысандарды, блоктарды, кезеңдерді, қоймаларды пайдалану; болат, шойын құю өндірісі)	Шығыс Қазақстан облысы	Сериясы ГЛ №000821, 11.10.06 ж.	ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
18	Ионды сәуле шығару көздерімен жұмыс істеу	шектеу жоқ	Сериясы ГЛА № 0000928, 18.04.05 ж.	ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитеті
19	Өнеркәсіптік жарылыс, өрт қауіпі бар өндірісті жобалау	шектеу жоқ	Сериясы ГЛ №001417, 19.06.07 ж.	ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

26. Соңғы екі жылда өткізілген өнім (орындалған жұмыс, қызмет) көлемі.

Қызмет түрі	2007		2008		Өсім, %
	мың. т.	мың. тенге	мың. т.	мың. тенге	
Өнімді ішкі рынокта өткізу	6 952,45	1 375 634	4 951,79	1 550 180	12,69%
Өнім экспорты	6 006,06	1 199 006	5 768,14	1 630 741	36,01%
Экспорт үлесі		46,57%		51,27%	
Барлығы	12 958,52	2 574 640	10 719,9	3 180 921	23,55%

2008 ж. өткізілген өнім көлемінің өсімі 23,55% құрады, ол негізінен ішкі рынокта өткізілетін өнімнің ауқымды мөлшерде өсуімен шартталған (36,01%), оған өнімнің нақты көлемін ұлғайту есебінен, сондай-ақ бағаның жалпы өсуі есебінен қол жеткізілді. Эмитенттің бағалық саясаты ғана емес, сондай-ақ материалдар мен энергия тасымалдаушылар бағасының көтерілуі де бағаның артуына ықпал еткен басты белгілеуші фактор болып табылады.

27. Эмитенттің негізгі қызмет түрлері бойынша сатудан (жұмыс, қызмет) түсетін кірістілікке оң немесе теріс әсер ететін факторлар.

Оң факторлар:

- тиімді ұзақ мерзімді келісім-шарттардың болуы;
- өткізу арналарының көп болуы;
- жеткізушілермен тұрақты/ұзақ мерзімді қарым-қатынастар;
- осы нарықтағы 50 жылдан артық жұмыс тәжірибесі;
- біліктілігі жоғары қызметкерлер құрамы;
- өнімнің жоғары сапасы;
- зауыттың көп бағытта жұмыс істеуі (түрлі мақсаттағы бұйымдардың екі мыңға жуық түрін шығарады).

Теріс факторлар:

- өнімді сатып алу, жеткізу және өткізу шығысы мен өзіндік құнының артуы;
- машина құрылыс өнімдерінің ішкі және әлемдік нарығында бәсекелестер санының артуы;
- нарықтық жағдайға байланысты өнімді әлемдік тұтыну көлемі мен бағасының төмендеуі.

28. Эмитенттің өз өнімін (жұмыстыр, қызметін) сатуды ұйымдастыру жөніндегі қызметі.

